



Ойыл

АҚТӨБЕДЕ «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫ БАСТАУ АЛДЫ

КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРГЕ КҮРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

ӨТКЕН АПТАДА ОБЛЫС ӘКІМІ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРЫП, ТАБЫСЫН МОЛАЙТУҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ЖОБАНЫҢ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА РЕСМИ ТҮРДЕ БАСТАЛҒАНЫН ЖАРИЯ ЕТТІ. ӨНЕР ОРТАЛЫҒЫНДА ӨТКЕН ШАРАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАН БАСШЫЛАРЫ, АУДАН, АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІ, АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ САЛАСЫНЫҢ АРДАҒЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРІ ҚАТЫСТЫ.

— Ауылшаруашылығы ел экономикасының жаңа қозғаушы күші болатынын атап өткен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған салада алдағы уақытта 350 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылатынын, ал кооперативтерді дамыту үшін бюджеттен 1 триллион теңгеден астам қаражат бөлінетіндігін айтты. Президенттің осы тапсырмасына сәйкес алдағы үш жыл ауылдық аумақтарды барынша дамытуға арналады. Ақтөбе Мемлекет басшысының тапсырмасын алғашқылардың бірі болып орындап жатқан өңір екендігін мақтанышпен айта аламын. Облыста халықтың табысын арттыруға бағытталған «Ауыл аманаты» жобасы басталып жатыр. Жобаға қатысатын ауылдар толық скринингтен өткізіліп, әлеуметтік портреті анықталды. Скрининг нәтижесінде нақты жұмыссыздар мен өзін-өзі қамтушылар саны, әр отбасының табысы айқындалды. Сондай-ақ мал және құс етімен, көкөніспен қамтамасыз етілу деңгейін, дамытуға қажетті өндіріс түрлерін белгіледік, — деп атап өтті Ералы Тоғжанов.

Жобаға облыстың 12 ауданының 24 ауылдық округінде тұратын 42 463 мың тұрғын қатысады. Олардың жартысынан астамы экономикалық белсенді халық санатына жатады. Аталған ауылдарда 747 тұрғын жұмыссыз ретінде тіркелген, ал өзін-өзі жұмыспен қамтыған және тұрақты табыс көзі жоқ тұрғындар саны 5 мыңнан асады. 151 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алып отыр.

Ауыл тұрғындарымен алдын ала кең көлемді түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Ауыл аманаты» жобасы аясында олар құс және өсімдік шаруашылығын дамыту, кооперативтерді жабдықтау, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін шығару мақсатында шағын және орта бизнес ашу және дамыту бойынша 2772 жобаны жүзеге асырмақ. — Жобаны қаржыландыруға биыл республикалық бюджет есебінен 3 миллиард теңге бөлінді. 2023 жылы қаражат көлемі артады. Ауыл тұрғындарына бөлінген қаражаттан бөлек ірі шаруа қожалықтары есебінен тауарлық несие ретінде 6 000-ға жуық мал беретін боламыз. Осы сәтті пайдалана отырып, ірі шаруашылық басшыларына ризашылығымды білдіргім келеді. «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру ауылдық елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын құруға, мал мен құстың санын көбейтуге, шағын кәсіпкерлік ашуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жоба ауыл шаруашылығын дамытып, ауылдың берекесін арттыратынын анық. Бағдарламаны әрі қарай әр ауылда жүзеге асыру мақсатында әр аудан, әр ауыл бойынша әлеуметтік-экономикалық кешенді жоспар әзірлеуге тапсырма бердім, — деді Ералы Тоғжанов.

«Ауыл аманаты» жобасы бойынша қаражат беру тетігі барынша жеңілдетілген. Жобаның тұрғындар үшін ең ұтымды тұсы — олар алдағы уақытта үйлерін келіпдік-



ке қойып, 2,5 пайызбен жеңілдетілген несие ала алады. Бұл — ел тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға. Несие мал, құс пен өсімдік шаруашылығын дамытуға, кооперативтерді жабдықтауға және ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу бағытында шағын кәсіпкерлік ашуға бағдарланған. Несиенің шекті көлемі — 2,5 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (7 657 500 тг), кооперацияларды дамытуға — 8 мың айлық есептік көрсеткішке дейін (24 504 000 тг). Мерзімі — 5 жылға дейін, мал шаруашылығы жобаларына 7 жылға дейін беріледі. Несиені алу үшін келіп қою және жеке кәсіпкер ретінде тіркелу міндетті. Айтпақшы, «Ауыл аманатына» қатысушылар жеке қосалқы шаруашылықтар ретінде кооперативтердің құрамына кіреді. Бұл ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 50 пайызға дейін субсидия алуға, өнімді қайта өңдеу және өткізу процестерін жүйелеуге мүмкіндік береді.

Шара барысында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Исатай Еспағанбетов жобаның алдағы нәтижелерімен бөлісті. Айтуынша, жоба нәтижесінде «Ауыл аманатына» қатысқан елді мекендерде жұмыссыздық деңгейі 41,4 пайызға төмендеп, атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны 885-тен 449-ға азаяды. Ал тұрғындардың орташа табысы 172 мың теңгеден 330,3 мың теңгеге артады деп болжануда. Бұдан өзге, сарапшылардың есебінше, құс етімен қамтамасыз ету — 20,6 пайыздан 51,2 пайызға, көкөніспен қамтамасыз ету — 17,4 пайыздан 29,9 пайызға, картоп өндірісі 38,8 пай-

ыздан 63,5 пайызға дейін өседі. Форум барысында «Степное» ЖШС директоры Аманғос Төлеуов, «Реймқұл» шаруа қожалығының басшысы Самат Қалдығұлов секілді бірқатар азаматтар өз тарапынан жоба қатысушыларына қолдау көрсететіндіктерін жеткізді.

— «Ауыл аманаты» — тікелей ауыл халқының жағдайын жақсартуға бағытталған жоба. Онда тұратын әрбір тұрғын бізге бөтен емес. Сондықтан бұл жобаға бейжай қарай алмаймыз. Қолымыздан келгенше көмектесеміз, қолдаймыз. Мен өзімнің жауапкершілігі шектеулі серіктестігімнің атынан жоба қатысушыларына 200 ірі қара, 200 қой малын беремін. Бұдан бөлек мал азығына 200 тонна және мен 100 тонна жарылған жем береміз, — деді Аманғос Төлеуов.

Жобаның сәтті жүзеге асырылуына тілектестігін білдірген ҚР «Бейбітшілік және келісім» кеңесі облыстық филиалының төрағасы Келдібай Еспағамбетов те қолдау көрсететінін айтты. — Мұндай жобалар біздің мемлекетіміздің және оның атқарушы органдарының қызметінің негізіне айналуы тиіс. Нақ осындай жобалар сөз жүзінде емес, нақты іс күйінде біздің азаматтарымыздың игілігіне қызмет ететін болады. Жобаны қолдау ретінде мен ауылда тұратын қиын жағдайдағы бір отбасының жеке шаруашысын жолға қойып, тіршілік жасауы үшін өз жанымнан бір сиыр және 10 қой беруге әзірмін, — деді ол. Ақсақалдың бастамасын форум қатысушылары қызу қолдап қарсы алды. Ал Қобда ауданына қарасты Бесқұдық селолық округінің әкімі

Жанна Токушева аталған округ бойынша күтілетін оң нәтижелерді баяндады.

«Ауыл аманаты» жобасының салтанатты ашылуына Байғанин ауданының 80 жастағы тұрғыны Құтым Қасенов те келіпті. Бүгінде жылыжай кәсібімен айналысып отырған ақсақал бизнесті дамытудағы тәжірибесімен бөлісті. Айта кетейік, Құтым Қасенов 2020 жылы жалпы ауданы 400 шаршы метр болатын жылыжай салған. Қазір ол жыл соңына дейін мол өнім алу үшін үздіксіз еңбектеніп жүр. Оның айтуынша, бұл шаруашылықпен о баста оның әкесі айналысқан. Еңбекқор, шаруа адам болса керек, ол баласын да жастайынан осы кәсіпке үйреткен.

Форум барысында Жамбыл облысынан арнайы келген кәсіпкер Талғат Сәрсенбаев «Ауыл аманаты» жобасы аясында қолға алып жатқан 1600 бройлерге арналған шағын құс фермасы туралы жобасымен бөлісті. Кәсіпкердің айтуынша, бұл жоба елеулі инвестицияларды талап етпейді, бастысы, «Ауыл аманаты» жобасын кредиттеу шарттарына сәйкес келеді. Бұл күні облыс әкімі Ералы Тоғжанов ауласын табыс көзіне айналдырып, шаруашылықтарын дамытуда табысты нәтижеге қол жеткізген Құтым Қасенов, Сапура Мырзағалиева секілді бірнеше кәсіпкерге Алғыс хаттар табыстады.

Форум барысында аудан әкімдері, «Ақтөбе» ӘКК және ауыл шаруашылығы құрылымдары басшылары «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру бойынша ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойды.



Үндістанның астанасы Нью-Дели қаласында өткен гир спортынан өлем чемпионатында 63 салмақ дәрежесінде күміс жүлдеге ие болған жерлесіміз Айтқали Балтабаевты аудан әкімі Асқар Қазыбаев қабылдап, құрмет көрсетті. Қабылдауда аудан әкімі спортшыны өлемдік деңгейдегі жеңісімен құттықтап, алдағы уақытта жастарға үлгі болып, аудан мерейін асқақтата беруіне тілектестігін білдірді. Сондай-ақ, Ойыл ауданының 100 жылдығына арналған естелік сыйлығын, 100000 теңге сертификат табыстады. Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Сәкен Займоғдин де құрмет көрсетіп, алғыс хаты мен ақшалай сыйлығын ұсынды. Әрі қарай, Ойыл дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жас спортшылармен және жаттықтырушылармен кездесіп, шеберлік сағатын өткізді. Өлем чемпионатының күміс жүлдегерімен кездесу барысында чемпионға ыстық ықылас пен қошемет білдіріп, жас спортшылар шеберлік сағатына белсенділікпен қатысты. Гир спортының қыр сырын жетік меңгерген спортшы өз тәжірибесімен бөлісе отырып, заңдылықтарын түсіндірді.

ҚАЗАН АЙЫНДАҒЫ ҚОС ЖҮЛДЕ



Төңел Омаров - ауданымызда қазақтың дәстүрлі өнерінің көшін сүйреп жүрген жалынды жас өңшілеріміздің бірі де, бірегейі. Көмейіне бұлбұл ұялаған өңші жігіт Ойыл аудандық балалар музыка мектебінде дәстүрлі өнерінен насихаттап жүрген Төңел домбырамен ән салуында қыр-сырына оқушыларды баулып жүрген педагог-модератор санатындағы ұстаз. Шәкірттері де жетістіктерден кенде емес. Ақтөбе, Астана қалаларында өткен «Өнші дауысы», «Бақытты бала-лық шақ», «Astana stars», «Бала дауысы», «Я талант», «Үміт» сынды облыстық, республикалық байқаулардың лауреаттары болып, мектеп мерейін асырып келеді. Төңелдің өзі де ұстаздық етумен қатар аудандық мерекелік салтанатты шараларда өнерімен

сағатын өткізді. Өлем чемпионатының күміс жүлдегерімен кездесу барысында чемпионға ыстық ықылас пен қошемет білдіріп, жас спортшылар шеберлік сағатына белсенділікпен қатысты. Гир спортының қыр сырын жетік меңгерген спортшы өз тәжірибесімен бөлісе отырып, заңдылықтарын түсіндірді. — «Құрметті ауылдастар, шын жүректен құрмет көрсетіп жатқандарыңызға алғыс білдіремін. Қазіргі таңда жастарға мүмкіндіктер көп жасалған, соны тек толыққанды қолдана білуі керек деп ойлаймын. Еңбек етіңіздер, сауатты болыңыздар. Сонда ғана бәрі болады», — деп барша спортшыларға ең бастысы денсаулық керек екенін, ал жеңіс тынымсыз еңбекпен, шелектеп төгілген термен келетінін тілге тиек етті. ГАБАЙҚЫЗЫ.

көрерменді тәнті етіп, шеберлігін шыңдау мақсатында байқауларға да қатысып топ жарып жүр. Бұған дейін бірнеше байқаудан жүлде алып келген өңші жігіт қазан айында қос бірдей жүлдені қанжығасына байлады. Қобда ауданында өткен облыстық «Балалар үні» фестиваль байқауынан да, Шалқар ауданында өткен «Даланың дарабоздары» атты өнші, композитор Сары Батақұлы, суырыпсалма ақын Сарышолақ шайыр Боранбайұлы және ақын Әлима Қабылқызына арналған облыстық термешілер байқауынан да жүлделі 1 орынға ие болды. Қазақтың дәстүрлі өнерін өскелең ұрпаққа насихаттап жүрген Төңелге шығармашылық шабыт тілейміз!

Л.САБИРЖАНОВА,
Ойыл аудандық балалар музыка мектебінің директоры.

ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ САЙЛАУ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ

Ойыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 10 бабының 3 тармағына сәйкес, учаскелік сайлау комиссияларының мүшелігінен шығып қалған бос орындарға сайлау үдерісінің басталуы туралы хабарлайды.

Әрбір саяси партия тиісті сайлау комиссиясының құрамына бір кандидатқа ұсынуға құқылы.

Саяси партия сайлау комиссиясының құрамына осы саяси партияның мүшесі болып табылмайтын кандидатураларды да ұсынуға құқылы. Саяси партиялардың ұсыныстары болмаған жағдайда, мәслихат сайлау комиссиясының мүшелігіне өзге қоғамдық бірлестіктердің және жоғары тұрған сайлау комиссияларының ұсыныстары бойынша сайлайды.

Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелері және құрылған сайлау комиссиясынан жоғары тұрған сайлау комиссиялары 2022 жылдың 7 қарашадан бастап 16 қарашаға дейін мәслихатқа келесі құжаттарды тапсырады:

1) сайлау комиссияларының құрамына кандидатура туралы

белгіленген нысан бойынша электрондық және қағаз форматтағы мәлімет;

2) аумақтық сайлау комиссиясының құрамына кандидатты ұсыну туралы саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің, жоғары тұрған сайлау комиссиясының шешімдерінен үзінді;

3) саяси партияның, қоғамдық бірлестіктің немесе олардың құрылымдық бөлімшелерінің тіркелгендігі туралы құжаттың көшірмесі;

4) кандидаттың сайлау комиссиясының жұмысына қатысуға келісімі туралы белгіленген нысандағы өтініші.

Сайлау комиссиясының құрамына ұсынылған тұлға, Сайлау туралы Конституциялық заңның талаптарына сәйкес келуі тиіс. Сайлау комиссиясының мүшелігіне кандидат аталған комиссияның құрамын қалыптастырған мәслихат орналасқан өкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында тұруы қажет.

Сайлау туралы Конституциялық заңының 23 бабының 2 тармағында көзделген, сайлау комиссиясы құрамының жартысынан көбі бір ұйымның қызметкерлері болмауы керек.

Сайлау комиссияларының құрамына жақын туыстары (ата-аналары, балалары, бала асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) кіре алмайды. Мәслихатқа ұсынылатын қағаз нысандағы барлық құжаттар қол қойылуы, мөрмен расталуы және орындалған күні, орындалушының тегі, аты-жөні және оның телефон нөмірі көрсетілген орындалушы туралы белгіні қамтуы тиіс. Сайлау комиссияларының құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау 2022 жылдың 16 қарашаға дейін, дүйсенбіден жұма аралығында сағат 08:00 ден 18:00-ге дейін жүргізіледі, үзіліс сағат 12:00-дан 14:00-ге дейін. Ойыл аудандық мәслихаты, Мәслихаттың мекен-жайы: Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Құрманғазин көшесі 43 үй.

Жауапты тұлға - Мыңқасар Кемалханұлы Досов, қалааралық телефон коды (871332), қызмет телефондары 2-13-70, 2-11-78, факс: 2-13-70, ұялы телефоны 8-702-278-46-99

электрондық пошта: masixat.uil@mail.ru

САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫ БОЙЫНША БОС ОРЫНДАР:

Учаскелік сайлау комиссиясының номері	Комиссия құрамындағы бос орын саны
№389	1

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗУ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ



Мал шаруашылығы ел экономикасының маңызды салаларының бірі. Халқымыз ежелден малды киелі санап, негізгі күнкөріс көзі ретінде қастерлеген. Қазақтың кең даласы малды асырайды, мал қазақты асырайды, әлемдік нарықта мал өнімдеріне еш уақытта сұраныс толастамайтындығы бұрыннан айтылып келеді. Малды бағып қана қоймай, ветеринариялық іс-шараларды сақтаудың маңызы зор.

Ветеринариялық іс-шаралар – бұл жануарлар ауруларының профилактикасын, оларды емдеуді немесе диагностикасын қоса алғанда, олардың пайда болуын, таралуын болғызбауға немесе оларды жоюға; жануарлар мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін аса қауіпті аурулар жұқтырған жануарларды залалсыздандыруға (зарарсыздандыруға), алып қоюға және жоюға; жануарлардың өнімділігін арттыруға; жануарлар мен адамның денсаулығын жұқпалы, оның ішінде жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау мақсатында, ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді қоса алғанда, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың, жемшөп және жемшөп қоспаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған эпизоотияға қарсы, ветеринариялық-санитариялық рәсімдер кешені.

Заңнамада белгіленген нормаларды сақтамау үшін заң бойынша жауаптылық туындайтындығы белгілі. Яғни, ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 406-бабына сәйкес ветеринария саласындағы заңнаманы бұзу үшін жауаптылық көзделгендігін ескерген жөн. Олар:

- карантин және шектеу іс-шараларының шарттары мен талаптарын сақтамау; ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды, талаптарды және ветеринариялық нормативтерді, оның ішінде мемлекеттік ветери-

нариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді күтіп-ұстауға, өсіруге, пайдалануға, өндіруге, дайындауға (союға), сақтауға, қайта өңдеуге және өткізуге байланысты мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілерін орналастыру, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру кезінде;

- зоообъекттердегі, цирктердегі, омарталардағы, аквариумдардағы жануарларды қоса алғанда, жануарларды асырау, өсіру және пайдалану кезінде; ішкі сауда объектілерінде;

- жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде;

- ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда қызметті жүзеге асыру кезінде;

- мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді Қазақстан Республикасының аумағында тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыру кезінде сақтамау;

Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуын қорғау туралы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтамау;

- кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союдың шарттары мен талаптарын сақтамау;

- ветеринариялық препараттардың, жемшөп қоспаларының тіркеу сынақтарын жүргізу үшін қажетті көлемде өндіру, әкелу (импорт) жағдайларын қоспағанда, оларды мемлекеттік тіркеуісіз

өндіру, әкелу (импорттың), өткізу және қолдану (пайдалану).

- Сондай-ақ, ветеринариялық іс-шараларды өткізбеу немесе тиісінше өткізбеу, оларды өткізу мерзімдерін бұзу, жергілікті атқарушы органдардың ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын бөлімшелеріне, жергілікті атқарушы органдар құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау органдарына жаңадан сатып алынған жануар (жануарлар), алынған төл, оның (олардың) сойылғаны және өткізілгені;

- жануарлар қырылған, бірнеше жануар бір мезгілде ауырған немесе олар әдеттен тыс мінез көрсеткен жағдайлар туралы хабарлама және ауру деп күдік келтірілген кезде ветеринария саласындағы мамандар, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар келгенге дейін жануарларды оқшаулап ұстау бойынша шаралар қолданбау;

- ветеринария саласындағы мамандардың ветеринариялық іс-шаралар өткізу бойынша қызметтік міндеттерін орындауы кезінде оларға жәрдем көрсетпеу;

- жануарларды карантиндеу қағидаларын бұзу. Осы бапта көзделген өкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді ветеринария саласындағы уәкілетті органның лауазымды адамдары қарайды. Ағымдағы жылдың өткен кезеңінде Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ойыл аудандық аумақтық инспекциясымен ҚР өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 406 бабына сәйкес 21 хаттама толтырып, құқық бұзушылықты жою туралы 229 нұсқама берілді.

Өз міндеттерімізге жауапкершіліктен қарап, заңнама талаптарының бұзылуына жол бермей бірлесіп қызмет атқарайық.

Ойыл ауданының өкімдігі

САЙЛАУ-2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ 2022 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАРАША

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ХАБАРЫ

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының 38-бабының 2-тармағына сәйкес 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауында аудан сайлаушыларының дауыс беруі жергілікті уақыт бойынша сағат 7.00-де басталып, 20.00-ге дейін төмендегі мекенжайларда орналасқан сайлау учаскелерінде өтетінін хабарлайды:

Қ/с	Сайлау учаскесінің нөмірі	Сайлау учаскелерінің орналасқан орны және байланыс телефондары
1	№ 389	Ойыл ауылы, Көкжар көшесі 68, «Ойыл аудандық мәдениет үйі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-18-99
2	№ 390	Ойыл ауылы, Құрманов Исламғали көшесі 86, «Ж.Жүсіпалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-17-30
3	№391	Ойыл ауылы, Шернияз Жарылғасұлы көшесі 36, «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығы ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-20-14
4	№392	Ойыл ауылы, Аманкелді көшесі 2, «Ойыл қазақ орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 2-16-52
5	№393	Екпетал ауылы, Жасыл ел 21, «Екпетал мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-1-47
6	№394	Қаракөмер ауылы, Ынтымақтастық көшесі 1, «Қаракөмер мектеп-балабақшасы» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-00
7	№395	Ақшатау ауылы, Ақжол көшесі 1а, «Ақшатау орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 72-0-81
8	№396	Құмжарған ауылы, Ш.Берсиев көшесі 2, «Соркөл орта мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-2-49
9	№397	Қаратал ауылы, Ш.Берсиев көшесі 39, Ш.Берсиев атындағы модульдік кітапхана ғимараты, телефон: 8 (71332) 37-5-35
10	№398	Қарасу ауылы, Ш.Берсиев көшесі 5, «Құрманов бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-0-92
11	№399	Аманкелді ауылы, Астана көшесі 16, Аманкелді ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-90
12	№400	Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 7, Қарасу ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-89
13	№401	Көптоғай ауылы, Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-5-11
14	№402	Шұбарши ауылы, Желтоқсан көшесі 19, Шұбарши ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-4-93
15	№404	Сарбие ауылы, Жастар көшесі 13, Сапақкөл ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 35-2-50
16	№405	Қаракөл ауылы, Абай көшесі 10, «Қаракөл бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-16
17	№406	Қараой ауылы, Еңбеккерлер көшесі 2, Қараой ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-31
18	№407	Құбасай ауылы, Қызылқорған көшесі 7, «Құбасай бастауыш мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 73-7-37
19	№408	Көмер ауылы, Бейбітшілік көшесі 15, Саралжын ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-45
20	№409	Шикүдық ауылы, Мектеп көшесі 16, «Теректі негізгі мектебі» КММ ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-43
21	№410	Бестамақ ауылы, Тайсойған көшесі 6, Бестамақ ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-2-71
22	№411	Ақкөмер ауылы, Жеткіншек көшесі 9, Ақкөмер ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-0-82
23	№412	Ақжар ауылы, Мектеп көшесі 4, Қайыңды ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-8-14
24	№413	Көсембай ауылы, Орталық көшесі 10, Көсембай ауылдық клубы ғимараты, телефон: 8 (71332) 74-1-42

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН ЖАЮ ҚАҒИДАЛАРЫ, ОЛАРДЫ БҰЗУ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

Ақтөбе облыстық мәслихатының

2021 жылғы 24 ақпандағы № 16 шешімімен Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидалары бекітілді. Жеке және заңды тұлғаларға тиесілі ауыл шаруашылығы жануарлары меншік нысанына қарамастан есепке алуға және тіркеуге жатады. Ветеринариялық паспорт ауыл шаруашылығы жануарларына ұсақ мүйізді малдарды, шошқаны қоспағанда жеке беріледі. Ұсақ мүйізді малға (қойлар, ешкілер), шошқаларға ветеринариялық паспорт тобына (отарына) беріледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қоршалған немесе қоршалмаған жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларының иелерімен не олар уәкілеттік берген адамдармен жүзеге асырылады. Табиғи-климаттық аймақтарға байланысты тәуліктің қараңғы және түнгі уақытында ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға бөлінген жайылымдар мен басқа да жер учаскелерінде ғана жол беріледі. Ауыл шаруашылығы жануарларын жаю орнына дейін және кері қарай айдау (айдау) кезінде сүйемелдеу;

5) елді мекендер шегінде жайылымдармен қамтамасыз етілмеген ауыл шаруашылығы жануарларын жаюға жайылымдарға айдауды ұйымдастырады.

ҚР Өкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексінің 408-бабына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын жаю қағидаларын бұзу үшін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Егер де бұл әрекет жеке тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соғатын болса он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Өкінішке қарай, мұның өзі де мал

иелерінің жауапкершілігін арттыра алмай отырған жайы бар.

Осы жылдың өткен кезеңінде 86 мал иелері жауапкершілікке тартылып, оның ішінде 286390 теңге сомасына 43 тұлғаға айыппұл салынды. Оған қоса бақташысыз жайылымда жүріп, жергілікті маңызы бар жол бойында қараусыз жайылып жүрген мал қанша рет жол-көлік оқиғасының себепкері болды. Адам да, мал да опат болып, әрқилы дене жарақатын алып, бейнетке ұшырап жатыр.

Ауылдық жердегі тұрғындар негізінен мал бағу арқылы күн көріп отырғаны белгілі. Өйтсе де, сол малдына мұқият қарау, кезден таса етпеу жағы кемшін. Малы көзінен таса болып, жазатайым айырылып қалған соң ғана онынады. Мұндайда полиция қызметкерлеріне жүгінеді. Бұл арада бір айта кетерлігі, кейбір мал иелерінің тиісті құжаттары толтырылмаған, ветеринарлық тәлқұжаттары болмайтын кездері болады. Мұндай келенсіздікті болдырмау үшін төрт түлік малды жануарларын жаю қағидаларын бұзу үшін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Егер де бұл әрекет жеке тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соғатын болса он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Өкінішке қарай, мұның өзі де мал

иелерінің жауапкершілігін арттыра алмай отырған жайы бар. Осы жылдың өткен кезеңінде 86 мал иелері жауапкершілікке тартылып, оның ішінде 286390 теңге сомасына 43 тұлғаға айыппұл салынды. Оған қоса бақташысыз жайылымда жүріп, жергілікті маңызы бар жол бойында қараусыз жайылып жүрген мал қанша рет жол-көлік оқиғасының себепкері болды. Адам да, мал да опат болып, әрқилы дене жарақатын алып, бейнетке ұшырап жатыр. Ауылдық жердегі тұрғындар негізінен мал бағу арқылы күн көріп отырғаны белгілі. Өйтсе де, сол малдына мұқият қарау, кезден таса етпеу жағы кемшін. Малы көзінен таса болып, жазатайым айырылып қалған соң ғана онынады. Мұндайда полиция қызметкерлеріне жүгінеді. Бұл арада бір айта кетерлігі, кейбір мал иелерінің тиісті құжаттары толтырылмаған, ветеринарлық тәлқұжаттары болмайтын кездері болады. Мұндай келенсіздікті болдырмау үшін төрт түлік малды жануарларын жаю қағидаларын бұзу үшін айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді. Егер де бұл әрекет жеке тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге әкеп соғатын болса он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Ойыл ауданының өкімдігі

ТҰРҒЫНДАР КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕР КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Өткен аптада аудан әкімі Асқар Қазыбаев Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтің орталығы Қаратал және Құмжарған елді мекендерінің тұрғындарымен кездесті. Елді мекен тұрғындарымен кездесулерде аудан басшысы ауданның 10 айында атқарылған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері бойынша жан-жақты мәлімет берді. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев шаруа қожалықтарға мемлекеттен берілетін қолдаулар мен пайызы төмен несиелерді тиімді пайдалану керектігін баяндап, ауыл тұрғындарының әл-ауқаты мен

тұрмысын жақсарту мақсатында бастау алған «Ауыл аманаты» жобасының бағыттарын, қатысу шарттарын толық түсіндіріп өтті. Ал тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға тоқталсақ, Қаратал ауылының тұрғындары көшелерді жарықтандыру, жол мәселесін көтерді. Құмжарған ауылының тұрғындары Ойыл-Шұбарқұдық тас жолына жалғайтын 3 шақырым көтерме жолды жөндеп берулерін сұрады. Сонымен қатар сол 3 шақырым жолға жол белгілерін, макет қойып беруін сұрайды. Аудан әкімі Асқар Қазыбаев

тұрғындардан түскен сауалдар, көтерілген мәселелер ескерусіз қалмайтынын айтып, алдағы уақытта ауылдарды көркейту жұмыстары жалғасын табатынын жеткізді. Тұрғындармен кездесуге аудандық халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Аралбай Жолдыбаев, аудандық ішкі істер бөлімі бастығының міндетін атқарушы Дархан Ғалымжан мен аудандық жер бөлімінің басшысы Мәулен Төремұратовтар қатысты.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,
Ойыл-Қаратал-Құмжарған-Ойыл.

ТӨРТ АУЫЛДАҒЫ КЕЗДЕСУ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНЫҢ 17 ЖӘНЕ 21-БАЛПТАРЫНА СӨЙКЕС ЖӨНЕ ҚОҒАМДЫ ОДАН ӨРІ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ, ЕЛДЕ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТҚАН РЕФОРМАЛАР ТУРАЛЫ ХАЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ, ЖЕРГІЛІК АТҚАРУШЫ ОРГАНДАРДЫҢ АШЫҚТЫҒЫН, ЖАУАПКЕРШІЛІГІН, ЕСЕПТІЛІГІН АРТТЫРУ МАҚСАТЫНДА АУДАН ӘКІМІНІҢ ӨР АУЫЛДА, КЕНТТЕ, АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕ, АУДАНДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ҚАЛАДА ТОҚСАН САЙЫН КЕМІНДЕ БІР КӨШПЕЛІ КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ Қ. ТОҚАЕВТЫҢ 2022 ЖЫЛҒЫ 3 НАУРЫЗДАҒЫ № 826 ҚАУЛЫСЫНА СӨЙКЕС АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ. ТӨРТ АУЫЛДА ӨТКЕН КЕЗДЕСУДЕ АУДАН БАСШЫСЫ АУДАНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРМЕН ҚАТАР «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫН ТҮСІНДІРІП, ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖОБАҒА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРДЫ.



Алдымен Амангелді ауылында кездесті. Жастары белсенді ауылдың қажеті - балабақша. Бұл мәселені мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі арқылы шешу жолдары ойластырылып жатқанын айтқан әкімге тұрғындар атынан ауыл мұғалімі Мейірім Әбдірзақ жерлестерінің тілегін жеткізсе, Қарасу ауылында "Ауыл аманаты" жобасына қызығушылар көп болды. Тұрғындарды негізінен ауылдағы кепілдік мүлікті бағалау жайы толғандырады. Бірақ, бір айта кетерлігі, төрт түлігін тең өргізген бұл ауылда ресми тіркелген жұмыссыз адам жоқ десе де болады. Тек бір адам ғана.

Сондықтан, негізі кәсібімізге кедергі болмай ма деп алаңдайды көпшілігі. Асқар Қайырғалиұлы оның жай-жапсарын жан-жақты түсіндірді. Шұбарши ауылындағы кездесуде қыстың қамымен етек-жеңін жинақтап, шаруаның қамын күйттеген тұрғындардың тарапынан сауал болған жоқ. Округтің орталығындағы кездесуде аудан басшысы негізінен тұрғындардың соңғы жылдары өртүрлі мінберде көтеріп жүрген мәселелеріне тоқталды. Өрине, Көптоғай ауылдық округіне көгілдір отын құбырын тарту жұмысы келесі жылы басталатыны қуантқанымен, көптің көңілін күпті қылған кана-

далық тәсілмен салынған күре жолдың жағдайы. Рас, аудандық бюджеттің күшімен жолдың көктемгі су жырған жерлері ғана жөндеді. Көтерме жолға күрделі жөндеу жүргізу өрине алдағы күннің еншісінде... Барлық ауылдағы кездесуде де тұрғындардың жаңа жобаға құлшыны аз. Алайда, ешқандай банк 2,5 пайызбен несие бермейтін ескерсек, бұл ауыл үшін үлкен мүмкіндік. Сондықтан, мұндай мүмкіндікті пайдалануға тырысу керек.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл -Амангелді-Қарасу-Шұбарши-Көптоғай-Ойыл.

«МҰҚАҒАЛИДЫҢ» ЖЕҢІСІ

Болат Қалымбетов түсірген «Мұқағали» фильмі Дубайдағы Meta Film Fest кинофестивалінде бас жүлдеге ие болды. Таяу Шығыс, Азия және Африка кино өндірісін қамтитын Meta Film Fest жаңа халықаралық кинофестиваль 27 қазанда Джумейра Пальмасындағы Nakheel Mall-дағы Vox Cinemas кинотеатрында басталған еді. Фестивальде 25 елден 70-тен астам фильм көрсетілді. Байқау бағдарламасына «Мұқағали», «Ұлы дала таңы», «Ақын» және «Қонокрады» атты төрт қазақстандық фильм таңдалған болатын. Мұқағали Мақатаевтың 90 жылдығына арналған «Мұқағали» кинокартина-

сы ақын өмірінің соңғы жылдары туралы баяндайды. Фильмді Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырысы бойынша Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірді. Айта кетейік, киноның сценарийін жазушы Жүсіпбек Қорғасбек, режиссер Болат Қалымбетов пен Ғазиз Насыров бірлесіп жазды. Фильм қазақстандық прокатқа 2021 жылдың 21 қазанында шыққан болатын. Ал әлемдік премьерасы 25-ші (PÖFF) Таллин кинофестивалі аясында өтті. Онда қазақстандық картина экраникалық қазылар алқасының жүлдесіне ие болды. Биыл наурыз айында өмірбаяндық карти-

на Кераладағы (Үндістан) 26-шы Халықаралық кинофестивальдің «Әлемдік кино» секциясында ұсынылды. Одан бөлек жуырда «Мұқағали» фильмі Қазан кинофестивалінде қазылар алқасының арнайы жүлдесін жеңіп алды. Сондай-ақ фильм Гатчинадегі (Ресей) «Әдебиет және кино» Халықаралық кинофестивалінде қоюшы-суретші Ермек Өтегеновтің үздік жұмысы үшін қазылар алқасының арнайы дипломына ие болған еді.

P.S. ФИЛЬМДЕ МҰҚАҒАЛИ АҚЫННЫҢ АЙБАР АТТЫ БАЛАСЫНЫҢ РӨЛІН СОМДАҒАН ЛЕЙРАМБЕК САҒЫНОВ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТУМАСЫ.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ОРМАН ҚОРЫ ЖЕРІНДЕ МАЛ ЖАЮ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ



«Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ-сі бойынша жанама орман пайдалану кезінде (марал өсіру, аң өсіру; ара ұялары мен омарталар арналасыру; көкөніс өсіру, бақша өсіру, бақ өсіру және өзгеде ауыл-шаруашылығы дақылын өсіру; дәрілік өсімдіктер мен техникалық шикізат, жабайы жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер және басқа да азықтық өнімдер; шөп шабу мен мал жаю;) төмендегі стандарттар мен регламенттер қолданылады:

«Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарының бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы №18-1/415 бұйрығымен бекітілген.
«Орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы мемлекеттік қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 тамыздағы № 18-02/739 бұйрығымен бекітілген.
Жоғарыда көрсетілген жанама орман түрлерін пайдалану үшін стандарттар мен регламенттерге сәйкес орман билетін алу қажет. Өтініш қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі (орман шаруашылығы кеңсесі) арқылы жүзеге асырылады.
Сонымен бірге мемлекеттік орман қоры учаскелерінде шөп шабу және мал жаю ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 12.10.2015 жылғы №18-02/909 бұйрығымен реттеліледі. Аталған бұйрықпен бекітілген қағидаға сәйкес үй жануарларының түрлеріне қарай бір басқа 1,5-7,0 аралығында жер есептеледі.
Орман шаруашылығында заң бұзушылық Әкімшілік құқық бұзушылық кодексіне және өзге де заңдарға сәйкес қаралады.

T.СЕНҒАЛИЕВ,
«Ойыл орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесі» КММ-сі директорының орынбасары.

ЖЕМҚОРЛЫҚКЕН КҮРЕС – БОЛАШАККА ҮЛЕС

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ ҚАУІПТІ КЕСЕЛДЕРДІҢ БІРІ. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ТИІСТІ ҚЫЗМЕТ АТҚАРУЫНА КЕРІ ӨСЕРІН ТИГІЗІП, БЕДЕЛІНЕ НҰҚСАН КЕЛТІРЕДІ, ЗАҢДЫ ҚАҒИДАЛАРДЫ ТЕРІСКЕ ШЫҒАРЫП, АЗАМАТТАРДЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕРІНІҢ БҒЫЛУЫНА ТҮРТКІ БОЛАДЫ.

2016 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы және Елбасының тапсырмасымен 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағдарламасы әзірленіп, жемқорлыққа қарсы стратегия қабылданды. Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адам мемлекеттік қызметте жұмыс істеу құқығынан айырылады. Бүгінгі күні қоғамымызға сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бүкіл халықтық сипат алып отырғаны белгілі. Халқымызда «Жаста берген тәрбие жас шыбықты игендей» деген сөз бар. Сондықтан жас маманның өз ортасында, өз ұжымында көрген игі ықпалы оны

осындай кеселдерден аулақ болуға есер етеді. Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты-іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, осындай қылмыстардың барлығы сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Әрбір азамат өз құзыреттері мен қызмет шегінде тұрғындарға заңнама нормаларын түсін-

діру арқылы осы қызметті жүзеге асыруға өз үлестерін қосып отырса, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру арқылы оның алдын аламыз деген сенімдеміз.
Қоғам мен мемлекеттік тарапынан ерекше сенім білдіріп, адамгершілігі мен моральдық-этикалық бойнесіне жоғары талаптар қойылған мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеттерінің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға немесе оған жағдай туғызатын әрекеттерге жол бермеу болып табылады.

D.БИСЕБАЕВ,
Сарбие ауылдық округінің әкімі.

КӘСІПКЕРЛЕР ҰЛТТЫҚ ПАЛАТА ТРАНСФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН ҚОЛДАДЫ

«Атамекен» ҰКП Х съезі аясында 284 делегат трансформациялаудың жаңа тәсілдерін қолдап дауыс берді. Дауыс беруге барлығы 307 делегат қатысты, соның ішінде қызмет тәсілдері бойынша – 6 адам дауыс беруден бас тартты, 17 делегат қарсы болды, қалған 284 делегат «қолдап» дауыс берді. Ұлттық палата Төралқа төрағасы Райымбек Баталов қаңтардағы оқиғалар мемлекеттік жүйені өзгертуге сұраныс тудырғанын атап өтті.

«Съезд ақпанда Президенттің ҰКП қызметін шағын бизнеске бағыттауға қатысты ұсынысын қолдады. Бизнес өкілдері Ұлттық палатаны трансформациялау бойынша мәселе қойды», – деді спикер.
Трансформация процесі 2022 жылдың қаңтарында кәсіпкерлер палатасында 90 адамнан тұратын жұмыс тобы құрылған кезде басталды. Оған өңірлік кеңестер, салалық қауымдастықтардың өкілдері кірді. Төрт блокқа бөлінген 42 мәселе бойынша ұсыныстар жиналды. Атап айтқанда, концептуалды мәселелер, мүшесінің арнайы жүлдесін жеңіп алды. Сондай-ақ фильм Гатчинадегі (Ресей) «Әдебиет және кино» Халықаралық кинофестивалінде қоюшы-суретші Ермек Өтегеновтің үздік жұмысы үшін қазылар алқасының арнайы дипломына ие болған еді.
P.S. ФИЛЬМДЕ МҰҚАҒАЛИ АҚЫННЫҢ АЙБАР АТТЫ БАЛАСЫНЫҢ РӨЛІН СОМДАҒАН ЛЕЙРАМБЕК САҒЫНОВ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ТУМАСЫ.

паниалар тобының иесі Болатбек Нәжметдинұлы кейде департамент директорлары, басқарма төрағасының орынбасарларымен келіспеушіліктерге қарамастан, бүгінде кәсіпкер ұмыра тауып, мәселелерін үкімет деңгейінде шеше алатынын айтты.
«Сондықтан біз Райымбек Баталовтың қолдауымен мәселелерімізді премьер-министр, оның орынбасары деңгейінде көтердік. Министрліктермен бір деңгейде сөйлесуді жетістік деп санаймын», – деді спикер.
«ҚР Ұлттық кооперативтері мен экономикалық қоғамдастықтардың орынбасары деңгейінде ұлттық қауымдастығы» ЗТБ президенті Қазыбек Шайх Ұлттық палатаның трансформациялау тәсілдерін қолдап, тұжырымдамаға ауыл кәсіпкерлері және әйелдер кәсіпкерлігін дамыту проблемаларын шешу стратегиясын енгізуді ұсынды.
Тағы бір бастаманы ҚР Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының президенті Наталья Ахшабаева көтерді.
«Біз Кәсіпкерлер палатасына жолдаған проблемалар өте шұғыл және шұғыл, бірақ дәл қазір шешуді талап етпейтін мәселелер болып бөлінді. Мысалы форс-мажорды алсақ, бұл маңызды әрі шұғыл мәселе. Өйткені, кәсіпкерлер соттарға баруға мәжбүр, оларға анықтама ауадай қажет болады», – деді Наталья Ахшабаева.
Қазақстан құрылыс салушылар қауымдастығының президенті Виктор Микрюков те пікірін ортаға салды. «Біз трансформацияны қолдаймыз және жұмысқа

қосылғанбыз. Бұл бағытта бірге жүрейік», – деді спикер.
Съезд жұмысын аяқтаған Райымбек Баталов барлық делегатқа қатысқаны, ашық диалог жүргізіп, бизнес мәселелеріне немқұрайлы қарамағаны үшін алғыс білдірді.
«Сіздер, шын мәнінде, нағыз патриоттар, ісіне берілген азаматтар ретінде, уақыт пен күш-қуатыңызды елімізде жақсы бизнес-ортаны құруға жұмсап отырсыз. Сіздерге қолдау көрсеткеніңіз үшін ризамын. Өр делегаттың ашық пікір білдіргені үшін ризашылығымды білдіремін. Жұмылып, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып қана елімізді шынымен өзгерте аламыз. Бірге әділ Қазақстан құра отырып, елді жақсы жаққа өзгертуге тырысайық», – деді «Атамекен» ҰКП Төралқа төрағасы.
Естеріңізге сала кетейік, 4 қараша күні елордада «Атамекен» Ұлттық палатаның Х съезі өтті. Съезд жұмысына республиканың барлық өңірінен үш жүзден астам делегат қатысты. Ақтөбе облысынан Өңірлік кеңестен делегаттар мен Ақтөбе облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Дана Бекбауовалар барды.
Қатысушылар 9 мәселені талқылады. Палатаның атқарылған жұмысының есебі, трансформациядан кейінгі Ұлттық палатаның жаңа тәсілдері және Абай, Жетісу, Ұлытау облыстарында өңірлік кәсіпкерлер палатасын құру қаралды. Сондай-ақ, ҰКП Төралқасының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және жеке-жеке мүшелерін сайлау мәселелері талқыланып, басқарманың өкілеттігін мерзімі бекітілді.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Ойыл

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефонны: 8 (71332) 2-11-07.
Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1381 дана. Тапсырыс 1564 Көлемі 1 баспа табақ, индикс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

КӨШЕ КӨРКІ - АУЫП АЖАРҒЫ



Көптеғай ауылы - ажарына ажар қосып, мемлекет тарапынан қолдау тауып келе жатқан ауылдардың қатарында. Жөндей жүргізіліп, асфальт жамылғысы төселген Көптеғайдың көркі кіріп қалыпты. Жол белгілері мен көше атауларын бағыттайтын белгілер үлгі тұтуға тұрарлық. Ауылдың іші мұнтаздай таза. Көшелері жарықтандырылып, жаяу жүргіншілер жолақтары, жолда жүру белгілері мен тұрмыстық

қалдықтарды салуға арналған арнайы қоқыс жәшіктері (урналар) қойылған. «Ауыл - Ел бесігі» бағдарламасы аясында атқарылып жатқан жұмыстар біршама. Жоба аясында Достық, Қазақстан, Тәуелсіздік, Астанаға 10 жыл көшелеріне жалпы ұзындығы 2,8 км болатын сметалық құны 158000,0 мың теңгені құрайтын орташа жөндей жұмыстары жүргізілді. Көшелерге арнайы жолақтар мен жол бел-

гілерін салу сияқты жұмыстар да осы тұста атқарылды. Осы ретте, көше бойына арнайы белгілер, жаяу жүргіншілер үшін 40 жол-белгілері де қойылды. Айта кетейік, «Ауыл - Ел бесігі» жобасының негізгі мақсаты ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын жақсарту, ауылдарды тұрақты дамыту. Алдағы уақытта ауылды көркейту жұмыстары одан әрі жалғасын табатын болады.

КӨПТОҒАЙДАҒЫ ХОККЕЙ КОРТЫ ҚЫСТЫҢ ҚЫЗЫҒЫН ЕСЕЛЕЙДІ



Биыл Көптеғайда атқарылып жатқан келелі істер көп. Ауылда дәрігерлік амбулатория салу жұмысы, әкімдік ғимаратының құрылысы, көшелерді жарықтандыру, орталықтандырылған ауыз су құбырының құрылысы секілді жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Сонымен қатар Көптеғай ауылдық округіне қарасты Амангелді, Қарасу, Көптеғай, Шұбарши ауылдарында жасанды төсеніш жамылғымен шағын футбол алаңы

салынып пайдалануға берілді. Бұл ауылға жасалынып жатқан игі істердің жарқын көрінісі іспетті. Енді ауыл балаларының қысқы спорт түрлерімен айналысуына да мүмкіндік туды. Осы мақсатта тендерге тігілген қаражатты жеңіп алған мердігер жеке кәсіпкер Асхат Ниязов ауылға хоккей кортын жасақтап берді. Нақтырақ айтсақ, 2 млн. теңге көлеміндегі хоккей корты 512 шаршы метрді құрайды. Енді

балалар желтоқсан желімен жарысып, сырғанақ тебеді. Сырғанақ қана қоймайды. «Хоккей» деген қысқы спорттың түріне шындалып, додаға түсуге дайындалады деген сенімдемиз. Хоккей корты қыста балалардың үйде телефонға телмірмей, бос уақыттарын тиімді пайдаланып, ауылда салауатты өмір салтын қалыптастырып, насихаттауға өз септігін тигізбек.

АМАНГЕЛДІ ЖІГІТТЕРІНІҢ АУДАНҒА ҮЛГІ БОЛАР ІСТЕРІ КӨП



Аудан орталығына 18 шақырым Амангелді ауылы ауданның ең үлкен елді мекені. Халық саны тұрақты, 100 ден аса түтіні бар. Оқушылар жеткілікті. Бүлдіршіндердің саны көңіл қуантады. Демографиялық динамикасы жақсы. Бұл жақта жыл сайын 5-6 жаңа үйден салу үрдісі жақсы қалыптасқан. Тіпті, мектептегі бала саны

кейбір ауылдық округтің орталығынан артық. Сондықтан да, шағын ауылдардың ішінде алғашқы болып ауыз су жүргізілді. Жаңа медпункт салынды. Екі қабатты сәулетті мектебі де бар. Әсіресе, жеке тұрғындардың жыл сайын үй салуы ауылдың келбеті мен халық санына үлес қосып келеді. Тағы бір сүйсінетініміз - жастардың ұйымшылдығы,

ауыз бірлігі. Жаздай бөлек-бөлек бригада құрып, ауданға қалаға барып құрылыс жұмыстарын атқарып табыс табады. Демек ерінбеген адамға жаздай кәсіп бар дегенді ағалары бастап, інілері қостап, іспен үлгі болып отыр. Бұл біріншіден баланы үкіметке алақан жайып отырмай, еңбекке баулу болса, екіншіден балаларының нәпахасы.

ҰЛТТЫҚ ОҰЫНДАРМЕН ҰЛЫҚТАЛҒАН МӘРЕКЕ

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ АУДАНЫМЫЗДА ЖЫЛ САЙЫН ЕРЕКШЕ СӨН-САЛТАНАТПЕН АТАЛЫП ЖҮР. БИЫЛ ДА ӨТКЕН СЕНБІ КҮНІ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАЛЫП ӨТТІ. КЕРЕМЕТ КЕШТЕ ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ ТҮРЛЕРІНЕН ЖАРЫСТАР, АЛАМАН, ҚҰНАН БӘЙГЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Ауқымды шараға аудандағы барлық жеке шаруа қожалықтары, кәсіпкерлер қатысып, шараның жоғары деңгейде өтуіне тікелей ат салысты. Мерекеге жиналғандарды аудан әкімінің орынбасары Саян Сүлейменов құттықтаса, Бауыржан ақсақал бата берді. Жеке шаруа қожалықтарының қолдауымен өткен бәйгеге көрермендер күннің ызғарына қарамастан көптеп жиналды. Қала, аудандардан келген "мыңнан шыққан тұлпарлар" жиналған көптің делебесін қоздырып, ынтықтыра түсті. Аламан бәйгеде 10 жүйріктен суырыла шыққан мұхырлық Еркін Бозалұлының «Сомбалақ» атты сәйгүлігі мөре сызығын бірінші кессе, Ақтөбенің Ерсұлтан есімді шабандозының «Шорх» атты тұлпары мөреге екінші болып келді. Ал, мөреге Нұрбек Сағымбаевтың «Құндыз» атты тұлпары үшінші болып жетті.

Құнан бәйгеде қобдалық Ғалымжан Суликановтың «Айшах» атты сәйгүлігі үш айналымнан мөреге бірінші жетті. Екінші орынға ойылдық Нарымтай Маратұлының «Сұлғыны», үшінші орынды Мұхит Рахатовтың «Хабары» өзара бөлісті. Бұдан кейін жігіттердің ептілігін, білектерінің күштілігін сынайтын қол күресінен I орын Асхат Елеусінов, II орын Зейнур Берғалиев, III орын Алтынбек Төлепберген иеленді. Тоқты көтеруден ойылдық Берген Жөкешов мықтылығымен көзге түсіп, жеңіс тұрғырынан көрінді. Осы тоқты, қошқар көтеру сайысына «Жандос», «Рахат», «Бекжан» шаруа қожалықтарының төрағалары де-меушілік етті. Спортшыларымызды марапаттау рәсімінде барлық жеңімпаздар мен жүлдегерлерге

ақшалай сыйлықтар табыс етілді. Ал, атбегілер мен ат спорты жанкүйерлерінің тілегі осындай ат үстіндегі ұлттық ойын түрлерін ауданымызда әлі де жандандыра түссе дейді.

Ауылшаруашылық қызметкерлерінің мерекесі әрі қарай «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында жалғасты. Онда аудан әкімі Асқар Қазыбаев мерекелік тілегін жеткізіп, аудандағы ауыл шаруашылығы сала-сындағы жеткен жетістіктер мен атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы саласына қосқан зор үлесі және қажырлы еңбегі үшін шаруа қожалық қызметкерлері әртүрлі номинациялар бойынша марапатталды. Салтанатты шара соңы концертке ұласып, еңбек мейталмандары мерекелік дастарханда бас қосты.

ГАЛЕКСЕЕВА.

ДЕПУТАТПЕН СҰХБАТ

ДЕПУТАТ МАНДАТЫ - ҮЛКЕН ЖАҒАПКЕРШІЛІК, ЕЛ БЕНІМІ



Депутат – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Аудандардың дамуы жергілікті атқарушы билікпен қатар мәслихат депутаттарының қызметіне де байланысты. Олар көп арасында жүріп, қоғамның өзегінде қайнап жатқан өткір мәселесін көтереді. Себебі көптен жиі кездесіп, кейлеріндегі өткір сауалдарына жауап беріп жүрген де, халықтың мұңын мәслихат мінберінен айтып, шешілуіне мұрындық болып жүрген де - солар. Осы орайда «AMANAT» партиясынан сайланған Ойыл аудандық мәслихатының депутаты Мейрамгүл Омаровамен сұхбаттасқан едік. Ендеше сұхбатымызды назарларыңызға ұсынамыз.

- **«Депутат – халық қалаулысы» дейміз. Сіз депутаттық қызметке қалай келдіңіз? Депутаттыққа сізді кім ұсынды?**

- Мен халқының үніне құлақ асатын, әлеуметтік тұрмысы жақсы, ұлттық құндылығы бойында сақталған, білімді ұрпағы бар, еңселі халқы бар егеменді елде өмір сүргім келеді. Бұл менің ғана емес, артымадағы ұрпағымыз елі. Олардың болашағы біздің қолымызда. Сондықтан мен қазіргі «AMANAT» саяси партиясының партия мүшелерінің сенімдері мен қолдауларының арқасында партиялық тізім бойынша Ойыл аудандық мәслихатының депутаты атандым.

- **Жалпы қазіргі таңда депутат қандай болуы керек? Депутат мандаты сіз үшін нені білдіреді?**

- Депутат үлкен жауапкершілікті арқалайтын, қарапайым жұртшылықтың үніне құлақ асып, игі істерге бастайтын, халық таңдап сайлаған сенімді өкіл. Депутат Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын

басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасының басқа да тұрғындардың тұрмыс-тіршілігіне аса қажетті Заңдарын жақсы түсінетін және оларды нақты жүзеге асырылуына ықпал ете алатын, сауатты тұлға.

- **Халық қалаулысы ретінде қандай мәселелер көтеріп жүрсіз?**

- Халық қалаулысы ретінде – аудан және округ бюджеттерінің кірістерін арттыру мен шығыс бөліктерінің тиімді жұмсалыуына ықпал

тәртіп және амбулатория мәселесі болатын. Қазіргі таңда амбулатория құрылысы басталды, жол мәселесі бойынша бақылауда тұр. Шұбарши ауылы бойынша тұрғындар көтерген мәселе - ауыз су мен балаларға арналған футбол алаңын салу болатын. Қазір бұл ауылға орталықтандырылған ауыз су жүргізіліп жатыр. Ал футбол алаңы пайдалануға берілді.

- **Көтеріліп жүрген мәселелер қазіргі уақытта шешімін тауып жүр**

КӨПТОҒАЙДЫҢ АНЪҚТАМАСЫ

КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ АМАНГЕЛДІ, ҚАРАСУ, КӨПТОҒАЙ, ШҰБАРШИ АУЫЛДАРЫ КІРЕДІ. АУЫЛДЫҚ ОКРУГТИҢ ЖАЛПЫ АУМАҒЫ 181131 ГЕКТАР ЖЕР ҚҰРАЙДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕР – 94464 ГЕКТАР, ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІҢ ЖЕРІ – 86152 ГЕКТАР. КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША ТҰРҒЫНДАР САНЫ 2105 АДАМДЫ ҚҰРАЙДЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЕРЛЕР – 1086, ӘЙ-ЕЛДЕР – 1019, ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР – 147, МҮҒДЕКТЕР – 60, 18 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР – 418, ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАНДАР – 884 ЖӘНЕ ЖҰМЫССЫЗДАР – 490 АДАМ. ЖҰМЫС ЖАСАЙТЫН КӘСІПОРЫНДАР МЕН МЕКЕМЕЛЕР САНЫ – 14, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ – 13, 4 МЕКТЕП, 1 БАЛАБАҚША, 1 ДӘРІГЕРЛІК АМБУЛАТОРИЯ, 1 ФАП ЖӘНЕ 2 МЕДИЦИНАЛЫҚ ПУНКТ БАР. 1 МАЛ ДӘРІГЕРЛІК ПУНКТІ, 2 МАЛ КӨМІНДІСІ БАР. ОКРУГТЕ 6500 БАС МҮЙІЗДІ ІРІ ҚАРА, 3500 ЖЫЛҚЫ, 28000 ҚОЙ-ЕШКІ, 29 БАС ТҮЙЕ БАР. ОКРУГ АУМАҒЫНДА «КӨПТОҒАЙ» ЖШС, 1 АӨК, 58 ШАРУА ҚОЖАЛЫҒЫ, 9 ЖЕКЕ КӘСІПКЕР, 9 ДҮКЕН, 1 ЖЕКЕ ҚОҒАМДЫҚ МОНША ЖҰМЫС ЖАСАЙДЫ.

ету, қоғамдық тәртіп пен қылмыстың алдын алу мәселелері, жаңа ғимараттар салуға қаржы бөлу, түнгі жарық, ауыз су жүйесін жүргізу, халық пайдаланып отырған су жүйелерінің жұмысын жетілдіру, ауданда жүргізілген табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстарының барысы туралы, елді мекендердің ішкі жолдарын жөндей және де бірқатар өзекті мәселелер... Ауданның атқарушы органдарымен тығыз байланыста болып, халыққа олар тарапынан орындалмай отырған заңнама талаптарын жүзеге асыруға байланысты, аудандық мәслихатпен қабылданатын нормативтік құқықтық актілердің әзірленуіне ат салысамын.

- **Өзіңіз сайланған елді мекеннің тұрғындары қандай мәселелер көтереді?**

- Мен қазіргі таңда Көптеғай және Шұбарши елді мекендеріне жауапты депутат ретінде осы округтің мәселелері бойынша жауап беремін. Көптеғай округі бойынша жиі қойылатын сұрақтар ол «Көптеғай – Ойыл» бағытындағы автомобиль жолы, ауыз су, газ,

ме? Біздің көтеретін мәселелеріміздің бәрі атқарушы органдар арқылы жүзеге асырылады, аудандық мәслихатқа тікелей қаражат бөлуге немесе басқаша әрекет етуге Қазақстан Республикасының заңдарымен тікелей құзырлар берілмеген. Бірақ, бізде қандай заңдарда болмасын, соның ішінде азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне байланысты заңдарға тәуелді актілердің орындалуына күш салудамыз. Тағы да бір айтып кететін жағдай, қабылданған заңға тәуелді актілердің көпшілігі тұрғындардың өздерінің міндеттерін орындауларына байланысты, сондықтан көтерілген мәселелердің шешілуі бірімізге де байланысты. Өрине, көтеріліп жүрген мәселелер бойынша, сайлаушылардың өтініш-пікірлері, ұсыныстары бойынша аудан әкімдігіне, тиісті бөлім басшыларына сауалдар жолданып, бірқатар мәселелер өз шешімін тапты. Бірқатар мәселелер бойынша жұмыстар атқарылады.

Сұхбатыңызға рахмет!

МАҚАЛАЛАР ТОПТАМАСЫ КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМДІГІМЕН БІРЛЕСЕ ДАЙЫНДАЛДЫ.